

«Самұрық-Қазына» АҚ
Басқармасының
«26» қаңтар 2023 жылғы
шешіміне
(№ 05/23 хаттама)
қосымша

«БЕКІТІЛДІ»
АО «Самұрық-Энерго» АҚ
Жалғыз акционерінің шешімі
«26» қаңтар 2023 жыл
(№ 05/23 хаттама)

«Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына өзгерістер

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 17 тамыздағы шешімімен (№30/20 хаттама) бекітілген «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1. 10-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
 - «4. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
 - 2) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту, сонымен қатар Қоғамның даму стратегиясының, Қоғамның даму жоспарының (бизнес-жоспарының) іске асырылуына мониторинг жүргізу;
 - 3) Қоғамның даму жоспарында (бизнес-жоспарында) жоспарланған кезеңнің бірінші күнтізбелік жылына арналған бюджетін бекіту, сондай-ақ оны қалыптастыру, бекіту, түзету және орындалуына мониторинг жүргізу процестерін реттеу;
 - 4) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен оның мүшелері, Қоғамның Корпоративтік хатшысы (Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитетінің ұсынымдары бойынша), Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлері және олардың мақсатты мәні (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит комитетінің ұсынымдары бойынша), сондай-ақ олардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу үшін ынталандырушы негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту;
 - 5) Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы бойынша шешім қабылдау;

7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және оны Қоғамның Жалғыз акционерінің бекітуіне шығару, оның ішінде Қоғамның сыртқы аудитінің сапасы мен тәуелсіздігіне бақылауды жүзеге асыру;

8) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшері туралы ұсыныс енгізу;

9) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есеп қамтылған Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту;

10) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

11) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма мүшелерін сайлау және олардың (Басқарма Төрағасын қоспағанда) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

12) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын белгілеу, олардың қызметін бағалау;

13) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелері лауазымдарының сипаттамасын бекіту;

14) Басқарма туралы ережені бекіту;

15) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Қоғамның Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің (Қоғамның Директорлар кеңесі Аудит комитетінің ұсынымдары бойынша) мөлшері мен талаптарын анықтау, Ішкі аудит қызметінің және оның қызметкерлерінің қызмет тиімділігін бағалау;

16) Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;

17) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

18) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша (Қоғамның Директорлар кеңесі Аудит комитетінің ұсынымдары бойынша) шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның «Комплаенс» қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттік мерзімдерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның «Комплаенс» қызметінің жұмыс тәртібін, Қоғамның «Комплаенс» қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің (Қоғамның Директорлар кеңесі Аудит комитетінің ұсынымдары бойынша) мөлшері мен талаптарын анықтау, «Комплаенс» қызметінің және оның қызметкерлерінің қызмет тиімділігін бағалау;

20) «Комплаенс» қызметі туралы ережені бекіту;

21) Қоғамның «Комплаенс» қызметінің комплаенс тәуекелдерінің жағдайы туралы мерзімдік (тоқсандық, жылдық) есептерін қарау және олар

бойынша шешімдер қабылдау (Қоғамның Директорлар кеңесі Аудит комитетінің ұынымдары бойынша);

22) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйлықақы беру талаптарын белгілеу, Корпоративтік хатшының қызметін бағалау;

23) Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;

24) Қоғамның Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшы кеңесінің, ішкі аудит қызметінің, «Комплаенс» қызметінің штаттық кестесін бекіту;

25) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның корпоративті басқару жүйесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту немесе Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне кіретін Қоғамның корпоративті басқару мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау;

26) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік критерийлеріне қатысты ұсынымдар дайындау;

27) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері, оны анықтау тәртібі мен шарттары бойынша ұсынымдар дайындау;

28) Қоғам омбудсменін тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту, Қоғам омбудсменінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, тәртіптік жаза белгілеу, омбудсменнің мерзімді (тоқсандық, жылдық) есептерін қарастыру және қарастыру қорытындылары бойынша шешімдер қабылдау;

29) Қоғамның мінез-құлық кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

30) Қоғамның тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;

31) Қоғамның есепке алу саясатын бекіту;

32) Қоғамның сыртқы аудит жөніндегі саясатын бекіту;

33) Орнықты даму және ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) саласындағы құжаттарды, жоспарлар мен есептерді бекіту;

34) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатын бекіту;

35) Қоғамдағы корпоративтік жанжалдарды реттеу және мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекіту;

36) Қоғамның ақпараттық саясатын бекіту және оның тиімділігін бағалау;

37) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен өзге қызметкерлері арасында туындастырылған корпоративтік жанжалдар мен мұдделер қақтығысына мониторинг жүргізу және оны реттеуге қатысу;

38) аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

39) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені қоспағанда, Қоғамның

Директорлар кеңесінің қызметтің регламенттейтін құжаттарды бекіту;

40) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша (ҚР заңнамаларына, Жарғыға және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда) ішкі рәсімдерін бекіту;

41) Қоғамның жалпы тәуекел-тәбетін, Қоғамның әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейін бекіту, қабылдайтын тәуекелдердің деңгейін шектеу үшін шектелімдер белгілеу және негізгі тәуекелдер көрсеткішін бекіту;

42) Қоғам тәуекелдерінің тіркелімі мен тәуекелдер картасын бекіту;

43) Қоғамның меншікті капиталының он және одан артық пайзын құрайтын шамаға қатысты міндеттемелерін ұлғайту;

44) Қоғам мен акцияларына (қатысу үлесіне) Қоғам тікелей немесе жанама ие заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін (қайта құрылымдау, қайта құру, тарату, сатып алу және/немесе айыру, сенімді басқаруға беру, ауыртпалық салу/жасау және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) регламенттейтін құжатты бекіту, оның сатылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ аталған құжатты мерзімді негізде қайта қарау;

45) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары мен комплаенс мәселелерін регламенттейтін өзге де құжаттарын бекіту;

46) Қоғам қызметтің ұйымдастыру мақсатында ҚР заңнамаларына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес қабылдауы Жалғыз акционердің және Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған Қоғамның ішкі қызметтің реттейтін өзге құжаттарды бекіту;

47) Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесін сақтауды қамтамасыз ету және оның тиімділігін бағалау, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

48) Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерін құру және олардың құрамын белгілеу, олар туралы ережелерді бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

49) Қоғамның Директорлар кеңесінін, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысын бағалау;

50) Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны мен оның ұйымдық құрылымын бекіту;

51) ҚР заңнамасымен және Қоғам Жарғысында айқындалған Директорлар кеңесіне есеп беретін Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның өзге қызметкерлерінің сабактастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

52) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

53) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайзын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алуы (иелігінен алуы) туралы шешім қабылдау;

54) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысу туралы шешім қабылдауы;

55) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесітерін) сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау;

56) акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналышының құзыретіне жататын төмендегідей қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау:

56-1) Акционерлік қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тізбе бойынша жаңа редакцияда бекіту;

56-2) Қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;

56-3) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеу және шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын анықтау, директорлар кеңесінің төрағасын сайлау;

56-4) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы бекіткен тізбеке сәйкес, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен келісім бойынша барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Қоғамға тиесілі («Самұрық-Қазына» АҚ тобы аясында) заңды тұлғалардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және кейіннен белгіленген тәртіпте олармен жасалған еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтата отырып, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

56-5) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға не олардың қызметіне немесе өзге заңды тұлғаларды акционерлер (қатысушылар) құрамынан шығаруға қатысуы;

56-6) «алтын акцияларды» енгізу және жою;

56-7) Нәтижесінде Қоғам мәміле жасау туралы шешім қабылданған күні құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы сомасының елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алғынан немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін), соның нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен алынатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

56-8) жаупкершілігі шектеулі серіктестіктің (бұдан әрі – серіктестік) жарғылық капиталының мөлшерін, оның орналасқан жерін, фирмалық атауын қоса алғанда, оның Жарғысын өзгерту немесе Жарғыны Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тізбе бойынша жаңа редакцияда бекіту;

56-9) байқаушы кеңесті сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

56-10) серіктестіктің (ревизордың) тексеру комиссиясын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар серіктестіктің (ревизордың) тексеру комиссиясының есептері мен қорытындыларын бекіту;

56-11) серіктестіктің атқаруышы органдың құру және оның өкілеттігін немесе атқаруышы органдың жекелеген мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

56-12) серіктестіктің атқаруышы органдың басшысы мен мүшелерінің (атқаруышы органдың функцияларын жеке-дара орындайтын тұлға) лауазымдық жалақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттары мен сыйлықақыларды анықтау, олардың қызметіне баға беру;

56-13) серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және мұндай берудің талаптарын анықтау;

56-14) серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы;

56-15) серіктестікті қайта құру немесе тарату;

56-16) серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге алу;

56-17) серіктестіктің нәтижесінде серіктестік құны серіктестік активтерінің баланстық құнының елу бір немесе одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасауын мақұлдау туралы шешім қабылдау;

57) бұрынғы тіркеушімен жасасқан шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

58) ірі мәмілелер мен шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мұддесі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау. Құны Қоғам активтерінің жиынтық баланстық құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алтын немесе иеліктен шығаратын (сатып алғынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы ірі мәміле деп танылады;

59) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен оның мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктеріне қатысты келісім беруі туралы шешім қабылдау;

60) Қоғамның бағалы қағаздарына кепілдік беру туралы шартты мақұлдау;

61) Қоғамның аралық қаржылық есептілігін бекіту;

62) Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер бойынша мәселелер тізбесін белгілейтін, Жалғыз акционердің назарына жетуі тиіс ақпараттан тұратын ішкі құжатты бекіту;

63) мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізу;

64) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту;

65) Қоғамның Кадр саясатының, оның ішінде Кадр саясатының негізгі көрсеткіштерін, әлеуметтік тұрақтылық рейтингі мен персоналды тарту деңгейін, олар бойынша шешімдер қабылдауды қоса алғандағы жыл сайынғы есептерді қарау;

66) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық ақпаратты алу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

- 67) Қоғамның кадр саясатын бекіту;
 - 68) акцияларына (қатысу үлесіне) Қоғам тікелей немесе жанама түрде ие занды тұлғаларға лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясатты әзірлеу;
 - 69) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты анықтау және осы ақпаратты қорғауды реттейтін рәсімдерді бекіту;
 - 70) Қоғамды трансформациялау бағдарламасына, Жобалар мен ішшаралар портфеліне, Қоғамды трансформациялау бағдарламасының Жол картасы мен Бақылау парагына өзгерістер бекіту және енгізу;
 - 71) тоқсан сайынғы негізде Қоғамды Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы туралы есептерді қарау, сондай-ақ Қоғамды Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысына бағалау жүргізу;
 - 72) Қоғамның Басқарма Төрағасының есепті тоқсан сайын қарауы, оның ішінде есепті кезең үшін: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өндірістік жаракаттану саласындағы жұмыс туралы есеп; қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есеп; Қоғамның негізгі тәуекелдерін сипаттай және талдай отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп;
 - 73) басшы қызметкердің экономика және қаржы мәселелері жөніндегі есебін тоқсан сайын, оның ішінде есепті кезең үшін: Қоғамның Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті; Қоғам Басқармасы жасасқан, жасауға мүдделілігі бар мәмілелер туралы есепті қамтиды;
 - 74) жыл сайын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өндірістік жаракаттану саласындағы жұмыс туралы есепті; қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есепті; есепті кезендегі Қоғамның даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қарау;
 - 75) КР заннамалық актілерінде және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.».
- 2.10-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:**
- «7. Жарғының 1) – 8), 10) -12), 27), 40-43), 47), 50), 52-54), 58) – 60), 64) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер осы Жарғының 10-бабы 4-тармағының, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі айқындаған өзге де мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарында қабылданады.».
- 3. 16-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:**
- «4, Қоғам Басқармасының құзыретіне мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:
- 1) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) мақұлдау және Қоғамның Директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;
 - 2) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын), Қоғамның бюджетін іске асыру, Қоғам қызметтінің негізгі көрсеткіштерінің жетістіктеріне және олардың мақсатты нысаналарына қол жеткізу;
 - 3) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді іске асыру;

- 4) осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен штаттық кестесін қоспағанда Қоғамның штаттық кестесін бекіту;
- 5) Қоғам қызметкерлерінің (Қоғамның Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, «Комплаенс» қызметін, Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда) еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру ережесі мен лауазымдық жалақылар сыйбасын бекіту;
- 6) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның дивидендтік саясатына, Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін анықтауға қатысты ұсынымдар әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қарау, макұлдау және ұсыну;
- 8) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;
- 9) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;
- 10) «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғам міндеттемелерін оның меншікті капиталының екі пайызынан (қоса алғанда) он пайызға дейінгі мөлшерін құрайтын шамага көбейту;
- 12) осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Басқарма Төрағасы шешім қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде құны Қоғамның активтері құнының жалпы мөлшерінің екі пайызынан артық және он пайызынан кем емес мұлкін сатып алтын немесе иелігінен айыратын (сатып алуы немесе иелігінен айыруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасауға қатысты Қоғам қорытындысы туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын Қоғам өкілдерінің Қоғам Басқармасы бекіткен мәселелер тізбесі бойынша Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңесі отырыстарының құн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұстанымдарын анықтау;
- 14) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің өз құзыретін жүзеге асыруы үшін қажетті қаржылық, материалдық-техникалық және өзге қаражаттарды бөлу.
- 15) бағалаушының Қоғамның акциясына төлеуге берілген мүліктің немесе ірі мәміленің негізі болып табылатын мүліктің нарықтағы құнын бағалау бойынша баға беру қызметіне төлем мөлшерін белгілеу;
- 16) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан азын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау;
- 17) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігін алдын ала макұлдау;
- 18) акцияларының он және одан көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің жалпы

жиналышының (қатысушылардың) құзыretіне жатқызылған қызмет мәселелері бойынша мынадай шешімдер қабылдау:

18-1) Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуі осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі жүргізетін акционерлік қоғамдарды қоспағанда, акционерлік қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

18-2) Корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ осы кодексті қабылдау қоғам жарғысымен көзделген жағдайда, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

18-3) директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

18-4) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін белгілеу, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

18-5) қоғамның атқарушы органдының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін (атқарушы органдың функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

18-6) қоғамның атқарушы органдының басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органдың функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

18-7) қоғамның атқарушы органы туралы ережені бекіту;

18-8) қоғамның атқарушы органдының басшысы мен мүшелері ынталандыруши негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;

18-9) қоғамның қаржылық есептілігіне аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау және оның қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;

18-10) қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

18-11) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

18-12) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

18-13) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

18-14) қоғамның акционерлерді акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы хабардар ету нысанын анықтау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

18-15) Қоғам Заңға сәйкес ұйымдастырылған нарықта акцияларды сатып алған жағдайда акциялардың құнын анықтау әдістемесіне (егер ол құрылтай жиналышында бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) өзгерістер енгізу;

18-16) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;

18-17) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін, оның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғамның жарғысында белгіленбеген болса, бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу;

18-18) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

18-18) шешімдер қабылдау Заңмен және (немесе) Қоғам Жарғысымен

акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер;

18-19) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;

18-20) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

18-21) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару;

18-22) бір түрде орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

18-23) шешім қабылдау Заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер;

18-24) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, оның орналасқан жерін, фирмалық атауын қоса алғанда, оның Жарғысын өзгерту немесе Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Жарғыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін серіктестіктерді қоспағанда, Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

18-25) байқау кеңесі туралы ережені бекіту;

18-26) серіктестіктің атқарушы органының басшысы мен мүшелері (атқарушы органдың функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға) ынталандырушы негізгі қызмет түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;

18-27) серіктестіктің қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

18-28) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және серіктестіктің таза кірсін бөлу;

18-29) бекітуі серіктестік жарғысымен серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту;

18-30) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

18-31) КР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 34-бабына сәйкес серіктестіктің қатысуышынан үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

18-32) серіктестіктің қатысуышылары мен үлесті сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

18-33) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» КР Заңының 39-бабына сәйкес серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу;

18-34) серіктестіктің қызметіне байланысты өзге мәселелер.

19) басшы және басқарушы қызметкерлердің сабактастығын жоспарлау бағдарламасын алдын ала мақұлдау және оларды Директорлар Кеңесінің

бекітуіне шығару;

20) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен регламенттеуші құжатқа сәйкес мүдделер қақтығысы мен корпоративті қақтығыстарды реттеуге қатысу және оларға мониторинг жүргізу;

21) Ишкі аудит, «Комплаенс» қызметтері және Қоғамның Корпоративтік хатшысы әзірлеген ішкі нормативтік құжаттарды қоспағанда, бекітілуі Қоғамның Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды Қоғам әзірлеген жағдайда алдын ала мақұлдау;

22) Қоғамның даму жоспары (бизнес жоспары) аясында (нақтыланған бюджет болған жағдайда) Қоғамның бюджетін (толық) бекіту;

23) енбек қауіпсіздігі және енбекті қорғау және өндірістік жарақаттану саласындағы есептерді алдын ала қарau;

24) Басқарма шешімдерінің орындалуы туралы есептерді қарau;

25) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;

26) Қоғам Басқармасы жанындағы комитеттерді құру және олардың құрамын айқындау, олар туралы Ережелерді бекіту, Қоғам Басқармасы комитеттерінің мүшелерін сайлау;

27) Қоғамның Инвестициялық-инновациялық кеңесінің ережесі мен құрамын бекіту;

28) Жалғыз акционер бекіткен нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес сатып алушы жүзеге асыру мәселелері бойынша шешімдерді қарau және қабылдау..».

«Самұрық-Энерго» АҚ
Басқарма Төрағасы

С. Тұйтебаев



Приложение
к решению Правления
АО «Самрук-Қазына»
от «26» января 2023 года
(протокол № 05/23)

«УТВЕРЖДЕНЫ»
Решением Единственного акционера
АО «Самрук-Энерго»
от «26» января 2023 года
(протокол № 05/23)

**Изменения
в Устав АО «Самрук-Энерго»**

Внести в Устав АО «Самрук-Энерго», утвержденный решением Правления АО «Самрук-Қазына» от 17 августа 2021 года (протокол № 30/20), следующие изменения:

1. пункт 4 статьи 10 изложить в следующей редакции:
«4. К исключительной компетенции Совета директоров Общества относятся следующие вопросы:
 - 1) определение приоритетных направлений деятельности Общества;
 - 2) утверждение стратегии развития Общества, плана развития (бизнес-плана) Общества, а также осуществление мониторинга реализации стратегии развития Общества, исполнения плана развития (бизнес-плана) Общества;
 - 3) утверждение бюджета Общества на первый календарный год, планируемого планом развития (бизнес-планом) Общества периода, а также регулирование процессов его формирования, утверждения, корректировки и мониторинга исполнения;
 - 4) утверждение мотивационных ключевых показателей деятельности для Председателя и членов Правления Общества, Корпоративного секретаря Общества (по рекомендациям Комитета по назначениям и вознаграждениям Совета директоров Общества), работников и руководителя Службы внутреннего аудита, Общества и их целевых значений (по рекомендациям Комитета по аудиту Совета директоров Общества), а также осуществление мониторинга их достижения;
 - 5) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации), за исключением случаев, предусмотренных Законом;

- 6) принятие решения о выкупе Обществом размещенных акций или других ценных бумаг и цене их выкупа;
- 7) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Общества и вынесение ее на утверждение Единственного акционера Общества, в том числе, осуществление контроля качества и независимости внешнего аудита Общества;
- 8) предоставление Единственному акционеру Общества предложений о порядке распределения чистого дохода Общества за истекший финансовый год и размере дивиденда на одну простую акцию Общества;
- 9) утверждение годового отчета об итогах деятельности Общества, включающего годовой отчет о работе Совета директоров Общества;
- 10) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества, а также принятие решений об их выпуске;
- 11) определение количественного состава, срока полномочий Правления Общества, избрание и досрочное прекращение полномочий членов Правления (за исключением Председателя Правления);
- 12) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования Председателя и членов Правления Общества, оценка их деятельности;
- 13) утверждение описаний должностей Председателя и членов Правления Общества;
- 14) утверждение положения о Правлении Общества;
